



## "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 10 қазан N 1309

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының  
Заңы

Республикалық және жергілікті бюджеттердің  
атқарылуын бақылау туралы

Осы Заң республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылаудың негізгі қағидаттарын, түрлері мен стандарттарын, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің (бұдан әрі - Есеп комитеті), мәслихаттардың тексеру комиссиялары, Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдар, әкімдер уәкілеттік берген мемлекеттік органдар, мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтерін ұйымдастыру мен қызметтерінің негіздерін айқындайды, сондай-ақ олар мен республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау объектілері арасындағы қатынастарды р е т т е й д і .

## 1 - тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыртқы бақылау - оларға қатысты тәуелсіз мемлекеттік органдар, мәслихаттардың тексеру комиссиялары жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджетті және жергілікті атқарушы органдардың - жергілікті бюджеттерді атқаруын бақылау;

2) ішкі бақылау - тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау;

3) республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау - бақылау объектілері қызметінің Қазақстан Республикасы бюджет заңдарының талаптарына сәйкестігін тексеру, талдау және бағалау, мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігін, республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының тиімді пайдаланылуын, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттерге қаражаттың толық және уақытылы түсуін бақылау;

4) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын мақсаттан тыс пайдалану - мемлекеттік мекемелердің республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражатты бюджеттік бағдарламалардың, сондай-ақ бюджеттік жіктеменің тағайындауына сәйкес келмейтін мақсаттарға пайдалануы; ұйымдар мен жеке тұлғалардың республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражатты мемлекеттік мекемелермен жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелердің, оның ішінде несие шарттарының ережелеріне сәйкес келмейтін мақсаттарға пайдалануы;

5) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын тиімсіз пайдалану - бюджеттік бағдарламаның паспортында көзделген мақсаттарға жеткізбеген республикалық немесе жергілікті бюджеттерден қаражаттың жұмсалуы;

6) бақылау объектілері - республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктерімен тартылған мемлекеттік емес "сыртқы заемдардың бюджеттік несие, субсидия түрінде мемлекеттік тапсырысты орындауға республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражат алатын жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ олар республикалық және жергілікті бюджеттерге қаражаттың толық және уақытылы түсуін қамтамасыз ету бөлігіндегі мемлекеттік органдар;

7) ішкі бақылау қызметі - өзінің құзыреті шегінде мемлекеттік органда және оның бөлімшелерінде республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуына ішкі бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның бөлімшесі;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдар -

республикалық немесе республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары ;

9) әкім уәкілеттік берген мемлекеттік орган - жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылауды жүзеге асыратын және тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган ;

10) қаржылық есептілік - мемлекеттік мекемелердің қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпарат, егер өзге Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, уәкілетті орган анықтайтын нысандар мен көлемдер.

## 2-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы заңдар

1. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы Қазақстан Республикасының заңы Қазақстан Республикасының К951000\_ Конституциясына негізделеді және осы Заңмен басқа да нормативтік құқықтық актілерден тұрады .

2. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың осы Заң

алдында басымдығы болады және халықаралық шарттан оны қолдану үшін Қазақстан Республикасының Заңын шығару талап етілетін кездегіден басқа жағдайларда тікелей қолданылады.

3-бап. Осы заңның қолданылатын саласы

Осы Заңның күші республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау мәселелері жөніндегі меншіктің барлық нысандарындағы ұйымдарына және жеке тұлғаларына қолданылады.

2-тарау. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылаудың түрлері, принциптері мен стандарттары

4-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау түрлері

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау кезінде бақылаудың мынадай түрлері пайдаланылады:

- 1) сәйкестігін бақылау - бақылау объектісі қызметінің Қазақстан Республикасы бюджет заңдарының талаптарына сәйкестік дәрежесін бағалау;
- 2) қаржылық есептілікті бақылау - бақылау объектілерінің қаржылық есептілікті жасауы мен беруінің дұрыстығын, негізділігін және уақытылығын бағалау;
- 3) тиімділігін бақылау - бақылау объектісінің бюджеттік бағдарламаны оның паспортына сәйкес атқаруын бағалау.

#### 5-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау принциптері мен стандарттары

1. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылауды жүзеге асыру кезінде мынадай принциптердің сақталуы міндетті: тәуелсіздікті, ақиқаттылығы, шынайылығы, құзыреттілігі, жариялылығы, құпиялылығы, кәсіби этика.

2. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау стандарттары республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуына бақылаудың бірыңғай талаптарын белгілейтін нормативтік құжат болып табылады.

3. Республикалық бюджеттің атқарылуын сырттай бақылау стандарттарын Есеп комитеті әзірлейді және бекітеді.

4. Жергілікті бюджеттің атқарылуын сырттай бақылау мен республикалық және жергілікті бюджеттің атқарылуын іштей бақылау стандарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган әзірлейді және Есеп комитеті бекітеді.

#### 6-бап. Бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдар қабылдайтын актілер

Бақылау нәтижелері бойынша оны жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың мынадай актілерді қабылдауға құқығы бар:

- 1) қорытынды - тексерулердің нәтижелері бойынша Есеп комитетінің құжаты;
- 2) бақылау нәтижелері бойынша Есеп комитетінің қаулысы - Есеп комитетінің отырысында қабылданған нормативтік құқықтық акт. Қаулыны қабылдау тәртібі Есеп комитеті туралы ережемен реттеледі. Есеп комитетінің қаулысы Есеп комитетінің барлық басқа актілерінің қолданылуын растайды.

Есеп комитетінің қаулысы ол жолдаған барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар және лауазымды тұлғалар атқаруға міндетті;

3) ұсыныс - Есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі жұмыстағы кемшіліктерді жою туралы мемлекеттік органдарға, ұйымдарға және лауазымды тұлғаларға; қылмыстық және мүліктік жауапкершілікке тарту мәселелері бойынша құқық қорғау органдарына және соттарға жіберетін құжаты;

4) бақылау нәтижелері бойынша мәслихаттың шешімі - мәслихаттың тексеру комиссиясының немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдар, әкім уәкілеттік берген мемлекеттік органдар жүргізген бақылаудың қаралған немесе ұсынылған актілері бойынша шешім бекітілетін белгіленген нысандағы құжат. Шешім қабылдаудың тәртібі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Z010148\_ Заңымен регламенттеледі;

5) нұсқама - Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органның басшысы, әкім уәкілеттік берген мемлекеттік органның басшысы олардың құзыреті шегінде қабылдаған және ұйымдардың лауазымды тұлғаларына міндетті түрде орындау үшін жіберілген, жұмыстағы тәртіп бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою туралы белгіленген нысандағы құжат;

6) бақылау жүргізу актісі - мәслихаттың тексеру комиссиясы, Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган, әкім уәкілеттік берген мемлекеттік орган, мемлекеттік органды ішкі бақылау қызметі жүргізген бақылаудың нәтижелері бойынша жасалған құжат.

### 3-тарау. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы бақылауды ұйымдастыру негіздері

#### 7-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы бақылаудың мемлекеттік органдары

Республикалық бюджеттің атқарылуын сыртқы бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган Есеп комитеті болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдар, мәслихаттардың тексеру комиссиялары жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар болып табылады.

#### 8-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы бақылаудың мемлекеттік органдарының өкілеттіктері мен құқықтары

1. Есеп комитеті Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынады және  
е с е п б е р е д і .

2. Есеп комитетінің құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының заңдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен анықталады.

Есеп комитеті туралы ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

3 . Е с е п к о м и т е т і :

1) Қазақстан Республикасының Президентіне Есеп комитетінің жұмысы туралы тоқсан сайынғы ақпаратты ұсынады;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің республикалық бюджеттің атқарылуын, салық және басқа да міндетті төлемдердің оның кірісіне толық әрі уақытылы түсуін, бюджет қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуын талдауға, бақылаудың қорытындылары мен нәтижелеріне байланысты мәселелер жөніндегі тапсырмаларын, сондай-ақ жекелеген басқа да тапсырмаларын орындайды;

3) Өзінің мазмұны бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебі жөніндегі қорытынды болып табылатын және оны Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жататын республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынады;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдар ұсынған бақылау жүргізу актілерін талдайды және республикалық бюджеттің атқарылуын осы органдар жүзеге асыратын бақылаудың тиімділігін арттыру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынымдар береді;

5) республикалық бюджеттің қаражатын пайдалануда бақылау объектілері лауазымды тұлғаларының іс-қимылдарында қылмыс белгілері, өзге де Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу фактілері анықталған жағдайда, бақылау материалдарын құқық қорғау органдарына береді.

4 . Е с е п к о м и т е т і :

1) республикалық бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасы бюджет заңдарының талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асыруға;

2) республикалық бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігін бақылауды жүзеге асыруға;

3) республикалық бюджет қаражатының, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша алынған қаражаттың тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға;

4) бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атқарылуын және бюджеттік несиелердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктерімен тартылған мемлекеттік емес сыртқы заемдардың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға ;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметінен және бақылау объектілерінен республикалық бюджет қаражатының толық түсуіне және пайдаланылуына қатысты мәселелер бойынша қажетті құжаттама мен ақпаратты сұратуға және алуға;

6) олардың республикалық бюджетке қаражаттың толық және уақытылы түсуін қамтамасыз ету бөлігінде мемлекеттік органдардың қызметін бақылауды жүзеге асыруға;

7) мемлекеттің міндеттемелерін өтеуге республикалық бюджеттен берілген қаражатты бақылауды жүзеге асыруға;

8) бекітілген республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) экономикалық тиімділігі мен орындылығына баға беруге;

9) банктерден және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан республикалық бюджет қаражатының түсуі, аударылуы, сондай-ақ мақсатты пайдаланылуы бөлігіндегі бақылау объектілерінің операциялары туралы қажетті мәліметтерді алуға;

10) республикалық бюджеттің атқарылуы мәселелері бойынша бақылау объектілерінің лауазымды тұлғаларының есептерін тыңдауға;

11) Есеп комитеті анықтаған бақылау объектілері лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіндегі республикалық бюджеттің атқарылуы туралы нормативтік құқықтық актілердің талаптарынан ауытқу фактілері бойынша ұсынымдарды Қазақстан Республикасының Президентіне енгізуге;

12) бақылау объектілерінен олар белгілеген мерзімде бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттарды, анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді алуға;

13) республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізуге мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын тартуға;

14) бекітілген республикалық бюджеттің атқарылуына әсер ететін нормативтік құқықтық актілердің қолданылуы жөнінде ұсынымдар әзірлеуге және енгізуге;

15) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

#### 5. Мәслихаттың тексеру комиссиясы:

1) мәслихат пен әкімге бұқаралық ақпарат құралдарында кейіннен жариялай отырып, жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жергілікті атқарушы органның тиісті есебі бойынша қорытындыны береді;

2) мәслихат пен әкімді жергілікті бюджеттің қаражатын мақсаттан тыс әрі тиімсіз пайдалану фактілері туралы, сондай-ақ жергілікті бюджеттің атқарылуы жөніндегі жұмыстардағы кемшіліктер туралы бақылаудың нәтижелері бойынша хабардар етеді;

3) әкім уәкілеттік берген мемлекеттік орган жүзеге асыратын жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылаудың тиімділігін арттыру жөніндегі ұсынымдарды береді;

4) Үкімет пен әкім уәкілеттік берген мемлекеттік органдар ұсынған бақылау жүргізу

актілерін

талдайды;

5) жергілікті бюджеттің қаражатын пайдалануда бақылау объектілері лауазымды тұлғалардың іс-қимылында қылмыс белгілері, өзге де Қазақстан Республикасының заңын бұзу фактілері анықталған жағдайда, бақылау материалдарын құқық қорғау органдарына береді.

#### 6. Мәслихаттың тексеру комиссиясы:

1) жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы мәслихаттар шешімдерінің атқарылуын бақылауды жүзеге асыруға;

2) жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігін бақылауды жүзеге асыруға;

3) жергілікті бюджеттің қаражатын, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша алынғанын қаражаттың тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға;

4) жергілікті бюджеттен берілген қаражаттың, оның ішінде бюджеттік несиелердің мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға;

5) олар жергілікті бюджетке қаражаттың толық және уақытылы түсуін қамтамасыз ету бөлігінде мемлекеттік органдардың қызметін бақылауды жүзеге асыруға;

6) бақылау объектілерінен олар белгілеген мерзімде бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттарды, анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді алуға;

7) жергілікті бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізуге жергілікті атқарушы органдардың тиісті мамандарын тартуға;

8) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

#### 7. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган:

1) мәслихаттардың тексеру комиссияларына бақылау жүргізу актілерін, сондай-ақ ақпарат беру үшін жергілікті бюджеттердің атқарылуына бақылау жоспарларын жібереді;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жергілікті бюджеттер қаражатының мақсаттан тыс пайдаланылуының алдын алу және жол бермеу жөнінде құқықтық ықпал ету шараларын қолданады;

3) жергілікті бюджеттің қаражатын пайдалануда бақылау объектілерінің іс-қимылында қылмыс белгілері, өзге де заңдарды бұзу фактілері анықталған жағдайда, бақылаудың материалдарын құқық қорғау органдарына береді;

4) жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылау саласында кадрларды кәсіби қайта даярлауды ұйымдастырады.

#### 8. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган:

1) жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасы бюджет заңдарының талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге



а с ы р у ғ а ;

2) Қазақстан Республикасы бюджет заңдарының жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы талаптарының бұзылу себептеріне баға беруге;

3) бақылау объектілерінен олар белгілеген мерзімде жергілікті бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттарды, анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді сұратуға және алуға;

4) жергілікті бюджет атқарылуының анықталған бұзушылық фактілері

бойынша бақылау объектілерінің лауазымды тұлғаларын тыңдауға;

5) жергілікті бюджеттердің атқарылуына бақылау жүргізуге мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын тартуға;

6) құпиялылық режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, жергілікті бюджеттердің атқарылу мәселелеріне жататын құжаттармен кедергісіз танысуға;

7) нормативтік құқықтық базасы мен жергілікті бюджеттерге бақылау жүргізудің әдістемесін жетілдіру мәселелері бойынша іс-шараларды әзірлеуге;

8) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

4-тарау. Республикалық және жергілікті  
бюджеттердің атқарылуына ішкі бақылауды  
ұйымдастыру негіздері

9-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттердің  
атқарылуын ішкі бақылаудың мемлекеттік органдары

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ішкі бақылау жөніндегі мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдар, әкім уәкілеттік берген мемлекеттік органдар және мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтері болып табылады.

10-бап. Республикалық және жергілікті бюджеттердің  
атқарылуын ішкі бақылаудың мемлекеттік  
органдарының өкілеттіктері мен құқықтары

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік  
орган:

1) республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау саласындағы орталық мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтерінің қызметін үйлестіреді;

2) орталық мемлекеттік органдар жүзеге асыратын бақылаудың тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды береді;

3) Есеп комитетіне бақылау жүргізу актілерін, сондай-ақ ақпарат беру үшін республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жоспарларын жібереді;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес республикалық бюджет қаражатының мақсаттан тыс пайдаланылуының жолын кесу және жол бермеу жөнінде құқықтық ықпал ету шараларын қолданады;

5) республикалық бюджеттің қаражатын пайдалануда бақылау объектілері лауазымды тұлғаларының іс-қимылдарында қылмыс белгілері, өзге де Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу фактілері анықталған жағдайда, бақылаудың материалдарын құқық қорғау органдарына береді;

6) республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау саласында кадрларды кәсіби қайта даярлауды ұйымдастырады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган:

1) республикалық бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасы бюджет заңдарының талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асыруға;

2) республикалық бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне бақылауды жүзеге асыруға;

3) республикалық бюджеттің, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша алынған қаражатын ұйымдардың тиімді пайдалануын бақылауды жүзеге асыруға;

4) республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың республикалық бюджетке таза табыстың үлесін толық және уақытылы аударуларын бақылауды жүзеге асыруға;

5) республикалық бюджеттен берілген қаражаттың, оның ішінде бюджеттік несиелердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен тартылған мемлекеттік емес сыртқы заемдардың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға;

6) Қазақстан Республикасының республикалық бюджеттің атқарылуы туралы бюджет заңдарының талаптарының бұзылу себептеріне баға беруге;

7) бекітілген республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) экономикалық тиімділігі мен орындылығына баға беруге;

8) мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтерінен жоспарлар, есептер және өзге де қажетті ақпаратты алуға;

9) бақылау объектілерінен олар белгілеген мерзімде бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттарды, анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді сұратуға және алуға;

- 10) республикалық бюджет атқарылуының анықталған бұзушылық фактілері бойынша бақылау объектілерінің лауазымды тұлғаларын тыңдауға;
- 11) мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын бақылау жүргізуге тартуға;
- 12) құпиялылық режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, республикалық бюджеттің атқарылу мәселелеріне қатысты құжаттамамен кедергісіз танысуға;
- 13) нормативтік құқықтық базаның және бақылау жүргізудің әдістемесін жетілдіру мәселелері жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге;
- 14) акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеті иелікке және пайдалануға берілген мемлекеттік органдарға акционерлік қоғамдардың тексеру комиссияларының құрамына сыртқы немесе ішкі бақылау мемлекеттік органдарының қызметкерлерін енгізуді ұсынуға;
- 15) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

### 3. Әкім уәкілеттік берген мемлекеттік орган:

- 1) мәслихаттың тексеру комиссиясына бақылау жүргізу актілерін, сондай-ақ ақпарат беру үшін жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылау жоспарларын жібереді;
- 2) жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау саласындағы жергілікті атқарушы органдардың ішкі бақылау қызметтерінің қызметін үйлестіреді;
- 3) жергілікті бюджеттердің қаражатын пайдалануда бақылау объектілерінің лауазымды тұлғаларының қызметінде қылмыс белгілері, Қазақстан Республикасының заңдарын бұзудың өзге де фактілері анықталған жағдайда, бақылау материалдарын құқық қорғау органдарына береді.

### 4. Әкім уәкілеттік берген мемлекеттік орган:

- 1) жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасының жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асыруға;
- 2) жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігін бақылауды жүзеге асыруға;
- 3) жергілікті бюджеттің, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша алынған қаражатын пайдалану тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға;
- 4) жергілікті бюджеттен берілген қаражаттың, оның ішінде бюджеттік несиелердің мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға;
- 5) коммуналдық кәсіпорындардың жергілікті бюджетке таза табыстың үлесін толық және уақытылы аударуын бақылауды жүзеге асыруға;
- 6) жергілікті бюджет атқарылуының анықталған бұзушылық фактілері бойынша бақылау объектілерінің лауазымды тұлғаларын тыңдауға;
- 7) бекітілген жергілікті бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) экономикалық тиімділігі мен орындылығына баға беруге;

8) бақылау объектілерінен олар белгілеген мерзімде бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттарды, анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді алуға;

9) жергілікті бюджеттердің атқарылуына бақылау жүргізуге мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын тартуға;

10) құпиялылық режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, жергілікті бюджеттердің атқарылу мәселелеріне жататын құжаттамамен кедергісіз танысуға;

11) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

5. Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылады.

Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметі:

1) оның орындалуына уақытты және шығындарды тиімді пайдалануды ескере отырып, бақылау жоспарын жасайды;

2) ақпарат беру үшін ішкі бақылау жүргізу жөніндегі жоспарды: орталық атқарушы орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органға; жергілікті - әкім уәкілеттік берген мемлекеттік органға ұсынады;

3) ішкі бақылау жүргізу жоспарларын орындау жөніндегі есепті: орталық атқарушы орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органға; жергілікті - әкім уәкілеттік берген мемлекеттік органға ұсынады.

Жыл сайынғы есептерді ұсыну туралы талаптар және жоспарлар туралы ақпараттар ақпараты мемлекеттік құпияға жататын шығыстарды бақылауға байланысты жағдайларға қолданылмайды.

6. Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметі:

1) орталық атқарушы органда, оның аумақтық бөлімшелерінде және ведомстволық бағынысты ұйымдарда, жергілікті атқарушы органда - тиісті жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын жергілікті мемлекеттік басқарудың жекелеген функцияларын жүзеге асыруға әкім уәкілеттік берген мемлекеттік мекемелерде, сондай-ақ олардың ведомстволық бағынысты

ұйымдарында ішкі бақылауды жүргізуге;

2) тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органның және әкім уәкілеттік берген мемлекеттік органның консультациясын алуға;

3) бюджеттің атқарылуын бақылау саласында кадрларды кәсіби қайта даярлауға құқылы.

өзара іс-қимыл жасауы, олардың басшыларының,  
есеп комитеті мүшелерінің өкілеттіктері мен  
құқықтары. Бақылау объектісі лауазымды  
тұлғаларының міндеттері мен құқықтары

## 11-бап. Мемлекеттік бақылау органдарының өзара іс-қимыл жасауы

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдар ақпарат беру үшін Есеп комитетіне республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізу жоспарларын жібереді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдар және әкім уәкілеттік берген мемлекеттік орган ақпарат беру үшін мәслихаттың тексеру комиссиясына жергілікті бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізу жоспарларын жібереді.

3. Есеп комитеті қажет болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органмен, ал мәслихаттың тексеру комиссиясы Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органмен және әкім уәкілеттік берген мемлекеттік органмен бірлесіп бақылауды жүргізеді.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген тиісті мемлекеттік органдар республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізген кезде көрсетілген органдарға осы мақсатқа республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың шегінде олардың қызмет көрсетулеріне ақы төлей отырып, осы жұмысқа шартты негізде және Есеп комитетінің келісімі бойынша тәуелсіз жеке аудиторлық ұйымдарды тарта алады.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган және әкім уәкілеттік берген мемлекеттік орган бюджет қаражатын пайдаланудағы бұзушылық фактілері бойынша тексеріс жүргізу туралы қылмыстық қудалау органдары қаулыларының негізінде жоспардан тыс бақылау жүргізеді.

## 12-бап. Мемлекеттік бақылау органдары басшыларының және Есеп комитеті мүшелерінің өкілеттіктері мен құқықтары

### 1. Есеп комитетінің төрағасы:

1) Есеп комитетінің қызметін басқарады, Қазақстан Республикасы Президентінің алдында оған жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді орындауға дербес жауапты болады;

2) кемінде тоқсанына бір рет Қазақстан Республикасының Президентіне Есеп комитетінің жұмысы туралы ақпарат береді;

3) Есеп комитеті қызметінің регламентін бекітеді;

4) өзінің құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді, Есеп комитетінің мәжілістерінде қабылданған қаулыларға және өзге де актілерге қол қояды;

5) республикалық және шетелдік ұйымдармен өзара қатынастарда Есеп комитетінің атынан өкілдік етеді;

6) бақылау жүргізудің мерзімділігі мен ұзақтығын анықтайды;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Есеп комитетінің төрағасы мен мүшелері:

1) Қазақстан Республикасының Парламенті Палаталары мен оның комитеттерінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары алқаларының мәжілістеріне қатысуға;

2) құпиялылық режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияның сақталуын ескере отырып, республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау мәселелеріне жататын құжаттамамен кедергісіз танысуға;

3) бақылау объектілерінен олар белгілеген мерзімде бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді талап етуге және алуға құқылы.

3. Есеп комитетінің төрағасы мен мүшелері:

1) өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтайды, тексерілетін бақылау объектілерінің жұмыс істеуіне кедергі жасамауы және олардың ағымдағы шаруашылық қызметіне араласпауы тиіс;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бақылау нәтижелерін бұрмалағаны, мемлекеттік органдарға ұсынылатын және жариялауға берілетін ақпараттың шынайылығы, заңмен белгіленген құпияны жария еткені үшін жауап береді.

4. Мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы:

1) мәслихаттың тексеру комиссиясының қызметін басқарады, оған жүктелген тапсырмалар мен міндеттердің орындалуына дербес жауап береді;

2) жүргізілетін бақылаудың мерзімділігін және ұзақтығын анықтайды;

3) мәслихатқа тексеру комиссиясының жұмысы туралы хабардар етеді;

4) мәслихатқа және әкімге бақылаудың қорытындылары туралы хабардар етеді;

5) жергілікті атқарушы органдардан, бақылау объектілерінен жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылау мәселелері жөніндегі қажетті құжаттама мен ақпаратты сұратады және алады;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органның басшысы:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органның қызметін басқарады;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті шаралар қабылдау үшін бақылаудың қорытындылары туралы ақпарат береді;

3) бақылау жүргізудің мерзімділігі мен ұзақтығын анықтайды;

4) бақылау объектілерінен республикалық және жергілікті бюджеттердің

атқарылуын бақылау мәселелері жөніндегі қажетті құжаттама мен ақпаратты сұратады және алады;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

6. Әкім уәкілеттік берген мемлекеттік органның басшысы:

1) әкім уәкілеттік берген мемлекеттік органның қызметін басқарады;

2) тиісті шаралар қолдану үшін әкімге және мәслихатқа бақылаудың қорытындылары туралы ақпарат береді;

3) бақылау жүргізудің мерзімділігі мен ұзақтығын анықтайды;

4) бақылау объектілерінен жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау мәселелері жөніндегі қажетті құжаттама мен ақпаратты сұратады және алады;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

7. Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметінің басшысы:

1) мемлекеттік органның басшысына бағынысты және есеп береді;

2) ішкі бақылауды жүргізуге жауапты;

3) Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу фактілері туралы тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органның және әкім уәкілеттік берген тиісті мемлекеттік органның басшыларына дереу хабарлауға міндетті.

13-бап. Бақылау объектісі лауазымды тұлғаларының міндеттері мен құқықтары

1. Бақылау объектісінің лауазымды тұлғасы:

1) сыртқы және ішкі бақылау мемлекеттік органының қызметкерін жұмыс орнымен қамтамасыз етеді;

2) сыртқы және ішкі бақылау мемлекеттік органының қызметкерін бақылау жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті барлық сұрау салынған ақпаратпен қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

3) сыртқы және ішкі бақылау мемлекеттік органы қызметкерінің іс-әрекетіне араласпайды, шатастырмайды, бақылау жүргізуде кедергі жасамайды және оның а у м а ғ ы н ш е к т е м е й д і ;

4) кемшіліктерді жою жөніндегі қолданылған шаралар туралы уақытылы есеп б е р е д і .

## 2. Бақылау объектісінің лауазымды тұлғасы:

1) бақылаудың мақсатын, уақыты мен ұзақтығын, оның нәтижелерін, қорытындылары мен ұсынымдарды (егер осындайлар болса) білуге;

2) тиісінше Есеп комитетінің тапсырмасын, Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органның және әкім уәкілеттік берген мемлекеттік органның бұйрығын, мәслихаттың, мәслихаттың тексеру комиссиясының не мәслихаттың хатшысының бақылау жүргізуге берілген шешімін ұсынбаған сыртқы және ішкі бақылау мемлекеттік органының қызметкерін бақылауға жібермеуге құқылы.

## 6-тарау. Қорытынды ережелер

### 14-бап. Халықаралық байланыстар

Есеп комитеті және Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган шет мемлекеттердің және олардың халықаралық бірлестіктерінің мемлекеттік аудит және бақылау органдарымен байланыс жасайды, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олармен ынтымақтастық туралы шарттар мен келісімдер жасасуға құқығы бар және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен осы бірлестіктердің құрамына кіре алады.

### 15-бап. Мүдделердің тартысы

1. Мүдделердің тартысы - сыртқы және ішкі бақылау мемлекеттік органы қызметкерінің әділдігі мен тәуелсіздігін шектеуге қабілетті кез келген қызмет немесе қ а т ы н а с т а р .

## 2. М ы н а л а р ғ а :

1) бақылау объектісі басшысының, құрылтайшысының немесе оған қатысушының жақын туыстары немесе жекжат-жұрағаттары (ата-анасы, жұбайы, аға-інілері, апа-қарындастары, балалары, сондай-ақ ерінің аға-інілері, апа-қарындастары, балалары



) б о л ы п т а б ы л а т ы н ;

2) онда жеке мүліктік мүддесі бар қызметкерлердің, қатысушылардың, бақылау объектісі лауазымды тұлғаларының қатарындағы;

3) тексеру кезеңінде бақылау объектісінде жұмыс істеген сыртқы және ішкі бақылау мемлекеттік органдарының қызметкерлеріне бақылау жүргізуге тыйым салынады.

3. Мүдде тартысы туындаған кезде сыртқы және ішкі бақылау мемлекеттік

органының қызметкері бақылауды белгілеген басшыға хабарлауы тиіс. Басқаша жағдайда мүдде тартысы жағдайының туындағаны үшін толық жауапкершілік сыртқы және ішкі бақылау мемлекеттік органының қызметкеріне жүктеледі.

16-бап. Келіспеушіліктерді шешу

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, мәслихаттардың тексеру комиссиялары, сондай-ақ бақылау объектілері лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым берілуі мүмкін.

17-бап. Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

Осы Заңның ережелерін бұзу Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

18-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК